

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Каримова Аружан*Низами атындағы Өзбекстан мемлекеттік педагогика университеті 2-курс студенті*

Аннотация: Бұл жұмыста Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» драмасындағы кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері мен махаббат тақырыбының көрінісі талданады. Еңлік пен Кебектің махаббаты арқылы автор рухани тазалық, адалдық, еркіндік пен дәстүр арасындағы қайшылықты көрсетеді. Сонымен қатар драмалық шығармаларды оқытудың тәрбиелік және эстетикалық мәні ашылып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы рөлі айқындалады.

Кілт сөздер: Мұхтар Әуезов, Еңлік – Кебек, драма, махаббат, рухани тазалық, дәстүр, кейіпкер мінезі, әдеби талдау, шығармашылық.

Драма – әдебиеттің үлкен бір жанры. Ол өзінің қоғамдағы орны мен жазылу формасы арқылы эпостық және лирикалық шығармалардан дараланады. Драма бір жағынан әдебиет туындысы болса, екінші жағынан ол театр өнеріне негіз болады. Мектепте драмалық шығарманы оқытқанда оның осы екі жақтылығын ескеру керек. Драма мазмұнына қарай үш түрге бөлінеді: комедия, драма, трагедия. Драмалық шығармаларда автор өмір болмыстарын көркем типтік жағдайларда тартыс үстінде көрсетіп, белгілі бір идеяны ұсынады. Драманың басты нысаны – адам, оның қоғамдағы орны, іс-әрекеті, жеке басының қасиеті, ізгілікке ұмтылуы, күресі Драма мәтіні тек кейіпкерлердің сөзінен тұрады. диалог, монолог түрінде жазылады. Драма шығармасы сахнаға ойналғанда «пьеса» немесе «спектакль» деп аталады. Пьеса өз ретінде акті, сурет, көріністерден тұрады, уақытпен шектеледі. Мұнда авторлық баяндаулар, суреттеулер болмайды. Кейде автор өз тарапынан оқиғаға, не декорацияға, не кейіпкерлерге қатысты сілтеме түсінік келтіреді. Бұл сілтемелер «ремарка» делінеді және жақшаға алып жазылады. Сол көркем туындылардың ішінде драмалық шығармаларды оқыту – әдебиеттің ең күрделі әрі қызықты салаларының бірі болып табылады. Себебі, драма жанры – әрекет пен диалогқа құрылған, сахналық қойылымға бейім өнер туындысы. Драмалық шығармаларды оқыту барысында оқушы тек мәтінді оқып қана қоймай, оның көркемдік табиғатын, кейіпкерлердің мінезін, қақтығыстардың сырын, авторлық идеяны терең ұғынуға тиіс. Мұндай сабақтарда оқушы белсенді қатысушыға айналып, рөлдік ойындар арқылы шығарманы шығармашылық тұрғыда қабылдауға үйренеді.

Драмалық шығармалар оқиғасы диалог пен әрекет арқылы дамитын әдеби туындылар. Мұнда авторлық баяндау аз, кейіпкерлердің өзара сөйлесуі мен әрекеті алдыңғы орынға шығады. Драманың басты түрлері: трагедия, комедия және драма. Мысалы, М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек», Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Б. Майлиннің «Шұға» пьесалары – қазақ драматургиясының үздік үлгілері. Бұл шығармаларда халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, адамгершілік пен махаббат тақырыптары көрініс табады. Оларды оқыту барысында эмоциялық әсер мен сахналық көрініс ерекше орын алады. Драмалық шығармаларды оқыту жайлы әдіскер ғалым Б.Жұмақаева былай дейді: «Драмалық шығармалар – көркем әдеби шығармалардың ішінде өзіндік орнын белгілеген сала. Драмалық шығармалар көркем өнер туындысы болғандықтан эстетикалық циклды құраушылар қатарына жатады. 5-7-сыныптардағы әдебиет сабағы оқушыларды көркем өнер туындылар арқылы тәрбиелеуде, білім беруде сурет, музыка сияқты сабақтар көмекші бола алады. Ал жоғары сыныптарда оқушының көркемдік тәрбиесі тек әдебиет сабағына ғана жүктелген. Олай болса жоғары сыныпта білім беру үдерісінде драмалық шығармалардың алатын орны мен дүниетанымдық, дамытушылық қасиеттері, әдістері нақтылы түрде анықталып, жүйеленуі керек.»¹ Ал, әдіскер ғалым Қ.Бітібаева: «Драмалық шығарманы оқытудағы ең басты мақсат – оқушыны көркем әлемге жетелеу, кейіпкерлер тағдырына ортақтастыру, олардың ішкі жан дүниесін сезіндіру. Әдебиетті оқыту – жай мәтінді талдау емес, ол – оқушыны ойландыру, толғандыру, сөйлету, пікір айтқызу өнері.»² – дейді.

Драмалық шығармаларды оқытудағы мақсат пен міндеттер

- Драмалық шығармаларды оқытуда мұғалім мынадай мақсаттарды көздейді:
- Оқушылардың көркем мәтінді қабылдау мәдениетін қалыптастыру кейіпкерлердің іс-әрекеті мен мінезін талдауға дағдыландыру;
- Сахналық тіл, эмоция, дауыс интонациясын дамыту;
- Ұжымдық жұмыс пен шығармашылық белсенділікті арттыру.

Драмалық шығармаларды оқытуда қолданылатын әдістер:

Әдістер	Әдісті қолдану тәртібі
1. Рөлге бөліп оқу	Бұл әдіс оқушылардың шығарманы терең түсінуіне көмектеседі. Әр оқушы кейіпкердің рөлін сомдай

¹ Жұмақаева Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы, «Қыздар университеті», 2015. – 242 бет.

² Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2016. – 288 бет.

	отырып, оның мінезін, сезімін сезінеді. Мысалы, «Еңлік – Кебек» пьесасын рөлдерге бөліп оқу арқылы оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрін, әлеуметтік қатынастарын сезінеді.
2. Дискуссия және пікірталас әдісі	Кейіпкерлердің іс-әрекеті туралы пікір алмасу оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады. Мысалы: «Еңліктің шешімі дұрыс па еді?», «Кебектің әрекетін ақтауға бола ма?» сияқты сұрақтар қойылады.
3. Сахналық қойылым және инсценировка	Мектеп сахнасында шағын көріністер қою оқушылардың есте сақтау қабілетін күшейтеді және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Мұнда костюм, дауыс ырғағы, сахна мәдениеті секілді элементтер ескеріледі.
4. Проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар	Оқушыларға шығарманың көркемдік әлеміне енуге мүмкіндік береді. Мысалы: • Автор не айтпақ болды? • Неліктен оқиға осылай аяқталды? • Егер сен автор болсаң, соңын қалай аяқтар едің?

10-сыныпта М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасын оқыту жолдары.

Мұхтар Әуезов XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму тарихында драматургия жанрының негізін салушы қаламгер ретінде танылды. Ол 1917 жылы не бәрі 20 жасында жазған «Еңлік-Кебек» атты драмалық шығармасымен қазақ драматургиясының негізін қалады. Бұл шығарма сол жылы Абайдың сүйген

жары Әйгерім отауында сахналастырылып, қаламгердің өзі суфлёрлық жасайды. 1926 жылы Қызылорда қаласында алғаш рет ашылған Қазақтың мемлекеттік драма театрының есігі де осы драмалық туындымен ашылады. Қаламгер бұл шығармасын кейін әлденеше рет өңдеп, жетілдіре түседі. Соның нәтижесінде бұл пьеса күні бүгінге дейін қазақ театрының сахнасынан түскен емес. Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы ел ішінде кең тараған тарихи аңыз-әңгіме негізінде жазылған. Шығармада ескі рулық-феодалдық әдет-ғұрып шырмауын үзіп, жүрек қалауымен бір-біріне қосылған екі ғашық – Еңлік қыз бен Кебек батырдың ру шонжарларының қатал үкімімен қазаға ұшырап, арманда кеткендіктері туралы сөз болады. «Еңлік-Кебек» негізінен төрт актылы, бес суретті трагедия болып саналады. М.Әуезовтың драматургия саласындағы ізденістері туралы қысқаша түсінік бере отырып, драмалық шығармалардың өзіндік ерекшеліктерін танытатын кіріспе сұрақтар қойылады:

- Пьесадағы оқиға желісі қай кейіпкерлердің арасында өрбиді?
- Шығармада барлық оқиғалар негізінен кімнің төңірегіне топтастырылған?
- Оқиғада ру аралық қайшылық қандай жағдайдан туындайды?
- «Еңлік пен Кебектің» тағдырына әсер еткен ескі салт пен билер шешімінің рөлі қандай?

Келесі кезекте драма мәтінінен мысал келтіре отырып, кейіпкерлерге мінездеме жасалады. Ең алдымен, Кебек бейнесіне мінездеме жасап көрелік:

Мінездеме	Драма мәтінінен мысал
1.Батыр, ер жүрек	«Мен найзамды да, жүрегімді де ел намысына арнадым»
2.Махаббатына берік	«Еңлікті алып қашпасам, өзіме жазық болар еді»
3.Ескі салтқа қарсы шыққан өршіл мінез иесі	«Ру мен заңның алдында емес, жүрегімнің алдында жауап берем»

Еңлік: Аз сөзіме көңіл бөл. Көрінгенге көз сүзген әлдеқандай деме, Кебек. Шынымды айтсам түсінер деп келем.

К е б е к . Әлі күнге менің көңіліме жаман ой кіргізетін сөз сөйлеген жоқсың, Еңлікжан!

Е н л і к . Олай болса менің арызымның, мұңымның ең үлкені өз басым. (Тасты айналып кетіседі. Тым-тырыс. Жапал әндемеді. Еңлік пен Кебек тағы айналып шығады.)

К е б е к . Шын ба, Еңлікжан? Есенмен күш сынасып бір кездесіп едім. Енді бақ сынасып тағы кездесем екен. Ол менімен таласқанда мен онымен таласпай ма

екем? Сені барлап сөйлеп ем бағанадан... Көрген жерде ауган көңілім ай, күнін таптым деген жоқ па еді? Жаным, Еңлікжан, жолыңда шықсын шыбын жан. Еңлік. Батырым! (Кеш бола бастаған. Жарқырап жалғыз жарық жұлдыз туады.) Дүниеден жасырған жалғыз көңіл жарасын атқан таң, батқан күнмен, айықпас мұндай қосып ем. Осы бір ғана үнсіз меңіреу тасқа шер шағушы ем. Жарқырап бағым туғандай жалғыз жарық жұлдыз туыпты. Айғағым бопсың, ақ сәуле! Аз өмірде шақ тілегім бар еді. Бақытым, басшым да өзің бола гөр, жалғыз жұлдыз, жарығым.

Кебек. Бақ жұлдызы бола гөр, бейуақтағы қоңыр аспан әсем көркі! Бақтым саған, жүр енді, жүр, Еңлікжан, үйіңе! (Кетіседі)

Бұл үзіндіде Еңлік пен Кебектің махаббатының рухани тазалығы, бір-біріне деген сенімі мен құрбандыққа дайын болуы ерекше көрініс табады. Олар үшін махаббат – тек сезім емес, рух еркіндігі, жеке таңдау, жүрек адалдығы. Мұхтар Әуезов осы көрініс арқылы махаббат пен дәстүр арасындағы күресті нәзік поэтикалық тілмен береді.

Қорытатын болсақ, Драмалық шығармаларды оқыту – оқушылардың рухани және эстетикалық дамуына зор ықпал ететін, әдебиеттің өмірмен байланысын көрсететін маңызды процесс. Мұндай сабақтар оқушыларды сезімге, ойға, талдауға баулиды, ал рөлдік және сахналық элементтер олардың шығармашылық қабілетін дамытады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2016.
2. Қоңыратбаева Т. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». – Алматы: Білім, 2019.
3. Әуезов М. «Еңлік – Кебек». – Алматы: Жазушы, 2003.
4. Молдабеков Ж. «Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен даму тарихы». – Астана, 2020.
5. Сейданов Қ және тағы басқалар. Әдебиет (Жалпы орта білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған). Ташкент, «Оригинал-макет», 2022. – 312 бет.